

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 794 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі N 290 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 452 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 452 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тауарлардың кедендік құнын айқындаудың резервтік әдісін қолдану кезінде пайдаланылатын ақпараттық анықтамалық туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 794 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі мәтінде 1-тармақтың 3) тармақшасындағы "анықтамалық" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) Еуразия экономикалық қоғамдастығының Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының 8702, 8703 тауар позицияларында жіктелетін және Еуропа елдерінің аумағынан импортталатын көлік құралдарының кедендік құнын айқындауға арналған "Superschwacke" каталогы "Eurotaxschwacke GmbH, Г е р м а н и я) ;

5) Еуразия экономикалық қоғамдастығының Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының 8702, 8703 тауар позицияларында жіктелетін және Америка Құрама Штаттарының аумағынан импортталатын көлік құралдарының кедендік құнын айқындауға арналған "Kelley Blue Book" каталогы (Kelley Blue Book Co, АҚШ)".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі